



Облыс атауы: Нұр-Сұлтан қаласы  
Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Соты (Кассациялық саты)  
Жіберуші: АРГИНБАЕВ БАКЫТЖАН  
АБИЛБЕКОВИЧ


## ХАТ

### СОТ ХАТШЫЛАРЫНА АЛҒЫС

#### Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. АЛҒЫС ЖОҒАРҒЫ СОТҚА.docx

АРГИНБАЕВ БАКЫТЖАН АБИЛБЕКОВИЧ қол қойды



## Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына

*Аргинбаев Бакытжан Абилбекович  
Қызылорда қаласы,*

### А Л Ғ Ы С

Құрметті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметкерлері!  
Сіздерді келе жатқан еліміздегі заңдардың қайнар көзі «Конституция күнімен» шын жүректен құттықтаймын.

Ата Заң – азаттығымызды айқындайтын, Тәуелсіздігімізді паш ететін, Егеменді ел екенімізді танытатын, дербес мемлекеттігімізді көрсететін қастерлі құжат.

Осындай атаулы күнде Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының сот отырысының хатшысы Жалғасбек Нұргүлге және Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының сот отырысының хатшылары Ержанов Нұржан Әлжаппарұлына, Хабиев Олжас Асылбекұлына, Молдаш Алтынай Алматықызына өз атымнан шексіз, ыстық ықыласпен алғыс білдіремін.

Аталған мамандардың ізетті, кішіпейіл, сауатты, білімді және орындаушылық қабілеттері мен жауапкершілік қасиетінің жоғары екенін атап өткім келеді.

Сот хатшыларының осындай жетістіктерге жетуі алдына мақсат қойып, ерінбей еткен еңбек пен қажымас қайраттың және басшылық ететін судьялардың арқасы деп білемін.

Осы мамандардың қызметіне алғыс білдіре отырып, сот жүйесіндегі қызметтеріне биіктерден көрінуді, асқақ абыроймен биік мақсаттарды бағындыруды және сот беделіне адал қызмет етуді тілеймін.

*Құрметпен, алғыс білдіруші  
азаматтық істер бойынша тәжірибе  
жинақтаушы заңгер Аргинбаев Бакытжан Абилбекович*